

Издаётся с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

16 июня
2023 года
ПЯТНИЦА
№ 48 (1545)

МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
КҮНІ

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в  [sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti), [sarangazetikaz](https://www.facebook.com/sarangazeti),  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

САРАН ТҮРҒЫНДАРЫ ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВПЕН КЕЗДЕСУДЕ БҰЗАҚЫЛАРМЕН КҮРЕСУ ӘДІСТЕРІН ҰСЫНДЫ

gov.kz

Саран қаласында орталық жылу көзінің құрылысы жалғасуда. Төрт қазандық орнатылып, жетіспейтін жабдық сатып алынады.

Саранды жылыту маусымына дайындау туралы Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев халықпен кездесу барысында айтып өтті. Ол сондай-ақ орталық қазандықтың құрылыс алаңына барып, мердігерге барлық жұмыстарды тездетіп, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Шағын қала тұрғындарымен кездесу дәстүрлі форматта өтті: ұзақ есептерсіз, тек сұрақтар мен жауаптар.

Халық тарапынан қойылған сұрақтар негізінен ТКШ, медицина және білім туралы болды. Сарандықтар жолдарды, үйлердің қасбеттерін жөндеуді, ескерт-

кіштер мен аула аландарын ретке келтіруді сұрады.

Осы уақытқа дейін 44 ауланың 37-сі жаңартылды. Қалғандары биылғы жылы абаттандырылады. Жолдарды асфальттау және жарықтандыру жұмыстары жалғасады. Халық қағысатын бюджет бойынша «Сұңқар» саябағында демалуға арналған үш алаң жабдықта-лады.

Саран қаласының тұрғындары жаңа балалар мен спорт алаңдарын бұзатын вандалдарға шағымданды. Тұрғындардың бірі полицейлердің көшелерді патрульдеуін күшейтуді немесе халық жасағын құруды ұсынды. Өңір басшысы бұл мәселе тек Саранда ғана емес, басқа да елді мекендерде өзекті екенін атап өтті.

– Мұның бәрі тәрбиеге байланысты. Біз өзімізден бастауымыз керек. Әр ау-



лаға және әр қоқыс жәшігіне полиция қызметкерін қоя алмаймыз. Мен полиция бастығына қоғамдық орындардағы тәртіпті жіті қадағалап, учаскелік полиция қызметкерлерін жұмысқа көбірек тарту туралы тапсырма беремін. Біз тек жазалау шараларымен проблеманы шеше алмаймыз, халықты тәрбиелеуіміз керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінде шағын қаланың негізгі қаражаты РТИ шағын ауданын қалпына келтіруге бағытталған.

19 үйді жөндеу жұмыстары жүргізілу-

де. Олардың үшеуі бюджет есебінен, 16-сы жеке инвестициялар есебінен қайта құрылады.

Тұрғын үйді қалпына келтіру мен салудан бөлек, РТИ-де балабақша салу жоспарлануда. Сондай-ақ, оқу жылының басында моноқалада психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылып, Абай атындағы мектепке қосымша спорт залының құрылысы аяқталады.

Кездесуден кейін Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Сіздерді медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Бұл мереке – адам жанын жүрегімен сезінетін денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлерінің ерен еңбегі бағаланатын күн.

Ежелден дәрігерлік қызмет асыл әрі адамгершілікті ту еткен кәсіп болып саналады. Қандай қиын сәттер мен ауыр жағдайларда да дәрігерлер мен мейірбикелер өз ісіне мұқият қарап, адам жанының арашашысы бола білді. Дәуір мен өркениет алмасып келсе де, олардың Гиппократ антына адалдығы сол күйінде қалып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Қоғамымыз дәрігер парызының ерекше мән-маңызына күн өткен сайын көз жеткізуде. Көптеген дарынды жастар осы мамандықты игеруге ұмтылып жатыр.

Мемлекет медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетіп, денсаулық сақтау саласын дамытуға баса назар аударады. Ұлт саулығы – Жаңа Әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясатымыздың аса маңызды бағыты».

Соңғы жылдары біздің қалада денсаулық сақтау жүйесінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайды. Жаңа әдістемелер енгізілуде, емдеудің заманауи технологиялары, дәрі-дәрмектер мен медициналық жабдықтар қолданылуда. Мұның бәрі біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға оң әсер ететіні сөзсіз.

Біз күні бүгінге дейін тәлімгер ретінде өзінің баға жетпестәжірибесін жасамандарға беруді жалғастырып келе жатқан денсаулық сақтау саласының ардагерлеріне, туған өлкенің осы саласының дамуына елеулі үлес қосқан медициналық әулеттерге үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді.

Құрметті денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Ел мүддесі жолындағы қиындығы мен қуанышы мол еңбектеріңізге табыс, отбасыңызға амандық тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

А. СУЛЕЙМЕНОВ,
Саран қаласы
әкімінің м.а.

Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Саран қалалық
маслихатының төрағасы

Уважаемые работники и ветераны здравоохранения!

**Поздравляем вас с профессиональным праздником -
Днем медицинского работника!**

Здоровье человека всегда являлось высшей ценностью, а люди, которые выбрали своим призванием заботу о нём, во все времена пользовались уважением и почётом.

Меняются эпохи и времена, но неизменными остаются высокие понятия врачебного долга и верности клятве Гиппократова.

Благодаря вашему каждодневному труду и профессионализму люди преодолевают недуг, побеждают боль и возвращаются к жизни.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев отмечает: «С каждым днем в нашем обществе растёт понимание и признание особой миссии врачей. Все больше талантливей молодежи связывает свою жизнь с медициной. Здоровье нации является важнейшим направлением нашей государственной политики, нацеленной на построение Нового Справедливого Казахстана».

В этот праздничный день мы говорим особые слова признательности ветеранам, медицинским династиям, всем, кто внёс неоценимый вклад в становление и развитие здравоохранения Сарани, кто и сегодня продолжает в качестве наставников передавать свой бесценный опыт молодым специалистам.

Уважаемые работники и ветераны здравоохранения!

Желаем вам счастья, семейного благополучия, успешной работы, и, самое главное, того, что вы даете людям, - здоровья! Мира и добра вам и вашим близким!

А. СУЛЕЙМЕНОВ,
и.о. акима
города Сарани

О. БАЙМАҒАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

Саран қаласы мен Ақтас кенті тұрғындарының назарына!

2023 жылғы 20 маусымда Саран қаласы әкімінің міндетін атқарушы Алмас Рымқұлұлы Сулейменов Саран қаласы мен Ақтас кентінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Халықпен кездесу:

сағат 11.00-де Ақтас кентінің «Нұрлы жол» қазандығының аумағында,

сағат 19.00-де Саран қ., Чкалов к-сі, 55, 57, 57а, 59 мекенжайы бойынша өтеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін) (8-72137) 7-40-16 телефоны арқылы қалдыруға немесе sar_apparat@krg.gov.kz электрондық поштасына жіберуге болады.

К сведению жителей города Сарани и поселка Актас!

20 июня 2023 года исполняющий обязанности акима города Сарани Сулейменов Алмас Рымқулович проведет встречу с жителями города Сарани и поселка Актас.

Встреча с населением состоится:

в 11.00 часов на территории котельной «Нұрлы жол» поселка Актас,

в 19.00 часов по адресу: г. Сарань, ул. Чкалова, 55, 57, 57а, 59.

Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа. Оставить свои обращения можно по телефону: (8-72137) 7-40-16 в будние дни с 09:00 до 18:30 (с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов) или на электронный адрес: sar_apparat@krg.gov.kz.

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ



В ходе обсуждения актуальных вопросов

Надежда ЦХАЙ
Фото Камилы ОСПАНОВОЙ

Четырнадцатого июня в городском маслихате состоялось совместное заседание постоянных комиссий под председательством Ж. Жаяубаева.

В рамках комиссии были рассмотрены вопросы предстоящей третьей сессии городского маслихата.

В работе заседания приняли участие заместитель акима, члены Общественного совета, руководители государственных учреждений, представители транспортных компаний – перевозчиков. Были заслушаны вопросы, касающиеся прохождения прошлого отопительного сезона и подготовки к новому 2023 – 2024 гг. Также были рассмотрены вопросы о строительстве Центрального теплоисточника, организации перевозок населения, предлагаемых изменений в правилах оказания социальных льгот и т.д.

По первому вопросу выступили руководитель ГУ «Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции г. Сарани» Г. Ахметов, заместитель акима п. Актас М. Анаев, руководитель ГУ «Отдел строительства г. Сарани» С. Балаубеков. В рамках подготовки к отопительному сезону в нашем городе запланированы работы по текущему и капитальному ремонту котлов, запорной арматуры, на магистральных сетях. В Актасе запланирована замена дымоосов, шкафов управления, котлов и т.д. Что касается Центральной котельной, то здесь завершено строительство административно –

бытового комплекса, 1 и 2 галереи, главного корпуса. Опрессованы четыре котла, проведены их гидравлические испытания, осуществляются внутриплощадочные работы, закуп оставшегося оборудования. Подключение домов и объектов социально – культурного назначения будет проводиться в 3 этапа. В свою очередь депутаты задали ряд вопросов о проблемных локальных теплоисточниках, своевременном вывозе золь, заводе топлива, подключении домов к Центральному теплоисточнику.

Также в ходе заседания обсуждались вопросы организации перевозок горожан, которые на сегодняшний день осуществляют две компании. Отмечалось, что в городе частично обновлен подвижной состав, действует электронная система билечивания, обсуждается возможность введения дифференцированного тарифа. Что касается использования электронной системы «ONAY», то увеличилось количество пассажиров, которые

используют систему безналичного расчета. Согласно статистике ею сегодня пользуются 60 % пассажиров. Проблемных вопросов, в том числе с топливом, по словам представителей транспортных компаний, пока нет.

Далее были рассмотрены вопросы льготного проезда отдельных категорий граждан, внесения изменений в ряд документов об оказании помощи социально уязвимых, предоставлении жилищных сертификатов, понижении размеров ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога. По данным вопросам была заслушана информация руководителя ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Сарани» М. Шегай и руководителя ГУ «Отдел земельных отношений, сельского хозяйства и предпринимательства г. Сарани» Д. Арнешева.

Все вопросы вынесены на рассмотрение предстоящей сессии.

О деятельности городского архива

Надежда ЦХАЙ

В начале июня состоялось выездное заседание Общественного совета, которое прошло в архиве нашего города. В ходе заседания были рассмотрены вопросы деятельности данного учреждения, об этом с отчетом выступил руководитель архива А. Кулжанбеков.

В свою очередь члены Общественного совета задали несколько вопросов об оказании платных услуг и строительстве собственного здания, проблемных моментах в деятельности архива. Также члены Общественного совета заинтересовались порядком сдачи документов предприятиями нашего города, такими как завод РТИ, шахты и т.д. Таких предприятий, которые активно работали в период СССР, немало, и тысячи горожан и жителей поселка Актас работали там в течение десятков лет, для которых подтверждение трудового стажа при выходе на заслуженный отдых важный вопрос. Отмечалось, что есть много предприятий, которые не сдают документы в архив. Но информация по заводу РТИ, в том числе по личному составу имеется. Что касается деятельности шахт, то в городском архиве хранится информация вплоть до 1996 года, остальная в архиве города Караганды. Сотрудники архива подчеркнули, что ежедневно

обрабатывают запросы от населения, по которым дают отрицательную справку, а далее трудовой стаж подтверждается только через суд. Отвечая на вопрос одного из членов Общественного совета о рычагах воздействия на предприятия для сдачи документов в архив, было отмечено, что обсуждается предложение внести пункт о своевременной сдаче документов в архив при закрытии предприятия в необходимый перечень процедур.

Одним из проблемных вопросов руководитель архива назвал протекание крыши, что недопустимо при хранении документов. Пока финансирование по этому вопросу не выделено. Председатель Общественного совета К. Омаров пообещал подготовить письма в соответствующие органы об оказании содействия в ремонте.

В заключение были даны рекомендации о контроле за соблюдением законодательства нашей страны в сфере оказания государственных услуг.



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



ҮЗДІК МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ
Суретті түсірген Камила ОСПАНОВА

Күні кеше сарандық медицина саласының қызметкерлері төл мерекелерін тойлады. Саран қаласының мәдениет үйінде өткен Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара барысында абзал жанды ақхалаттылар ісінің ардагерлері мен олардың қазіргі ізбасарлары құттықтаулар қабылдап, марапаттарға ие болды.

Елімізде маусымның әр үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. Осы атаулы күні адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше еленеді. Дегенмен денсаулығымыз сыр беріп, жанымыз қысылғанда көмек қолын созуға қашанда дайын тұратын дәрігерлерді әрдайым дәріптеуіміз керек.

Салтанатты шарада Саран қаласы әкімінің міндетін атқарушы Алмас Сүлейменов пен Саран қалалық мәслихатының төрағасы Өміржан Баймағамбетов қаланың медицина қызметкерлерін құттықтап, қала әкімінің грамотасы мен қалалық мәслихат төрағасының алғыс хатын табыстады.

Атап айтқанда, салтанатты жиын барысында аталмыш марапат түрлерімен консультативтік-диагностикалық бөлімшенің психиатр-дәрігері Михаил Костюк, «Саран қаласы ауруханасының» директоры Иван Ермолаев, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің медбикесі Ирина Крепешева, стоматологиялық бөлімшенің дәрігер-стоматологы Михаил Сергеев, жедел медициналық жәрдем бөлімшесінің фельдшері Оксана Карлина, хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, хирург-дәрігер Нұралы Қасанов, зертханалық бөлімшенің зертханашысы Анастасия

Ключникова марапатталды.

Одан кейін ақ халаттыларды Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы басшының орынбасары құттықтап, консультативтік-диагностикалық бөлімшенің отоларинголог-дәрігері Николай Тенге, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің медбикесі Евгения Якобиге, № 2 отбасылық денсаулық орталығының ЖПД медбикесі Ханипа Даироваға, № 2 отбасылық денсаулық орталығының ЖПД медбикесі Рауза Байгельдиноваға Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының грамотасын, ал жедел



медициналық жәрдем бөлімшесінің фельдшері Наилия Орамбекке, № 3 отбасылық денсаулық орталығының жалпы практика дәрігері Юлия Поземноваға Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының алғыс хаттарын табыстады.

Бұдан бөлек, Саран қаласының

грамотасын, 3-Н жүйесінің қабылдау бөлмесінің медбикесі Марям Гимадиеваға, №2 ЦЗО педиатриялық учаскелік медбикесі Лали Щепетковаға, - №2 ООК жалпы практика дәрігері Станислав Долинскийге, зертханалық бөлімшенің компьютер операторы Наталья Смирноваға, рентгенология бөлімшесінің рентген-зертханашысы Айнұр Арыстановаға, хирургиялық бөлімшенің санитар-тазалаушысы Марина Козодойға, пациенттерді қолдау қызметінің дәрігері Роза Жұмағұловаға Саран қаласы ауруханасының грамоталарын салтанатты түрде табыс етті.

«Бұл – риясыз махаббат пен мейірімге, шынайы құрмет пен шексіз алғысқа толы мереке. Адам денсаулығы қай уақытта да ең басты құндылық болып есептеледі. Ақ халатты абзал жандар қай кезеңде де ерекше құрметке ие болған. Сол себепті біздің елімізде Медицина қызметкерлері күні нағыз халықтық мереке ретінде аталуда. Сондық үшін бүгін нағыз өз ісінің шеберлері ұлықталды. Олар денсаулық сақтау саласында аянбай тер төгіп, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп қана қоймай, халықтың жылы ықыласына бөленген мейірімді жандар. Барлық әріптестерімді төл мерекерімен шын жүректен құттықтай отыра, отбасыларына береке, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тілеймін», - деп ағынан жарылды тілдескен Саран қаласы ауруханасының директоры Иван Ермолаев.

Осылайша медицина қызметкерлеріне төзімділік пен жанашырлық білдіріп адам өміріне араша болып, талай ұйқысыз өткізген түндері үшін зор құрмет көрсетіліп, алғыс айтылды.

Салтанатты шара одан әрмен «Мерей» ансамблінің концерттік бағдарламасымен жалғасты.



медицина саласы қызметкерлерінің еңбектерін ерекше елеп өтіп, ақ жарма тілектерін жолдаған Саран қаласы ауруханасының директоры Иван Ермолаев пен «AMANAT» партиясының Саран қалалық филиалының төрағасы Нүргүл Тәжібаева персоналды басқару қызметінің маманы Ажар Бестаева мен зертханалық бөлімнің зертханашысы Ирина Калютинаға «AMANAT» партиясының Алғыс хатын, хирургиялық бөлімшенің медбикесі Елена Бондаренко мен №2 ЦЗО педиатриялық учаскелік медбикесі Анна Белоусоваға «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының Құрмет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БАЙҚАУЫ: ЖҮЛДЕЛЕР ИЕЛЕРІН ТАПТЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Үстіміздегі жылғы 9 маусымда Саран қаласының тілдерді дамыту орталығының мультимедиялық кабинетінде «Үздік тыңдаушы» қалалық байқауы өтті.



Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ұйымдастырып отырған байқау Ақан серінің 180 жылдығына арналды.

Аталмыш байқаудың ерекшелігі сол, оған тіл орталығында мемлекеттік тіл курсына қатысып жүрген тыңдаушылар қатысып, олар үш айлық курс кезінде

өздерінің қазақ тілін қаншалықты деңгейде меңгергендіктерін көрсетті. Байқаудың негізгі талабы: сөздерді дұрыс жазу мен оларды айту сол арқылы сөйлемдер құрау. «Білімді тексеру» деп аталатын шарттар да қойылды. Оларды ойын түрінде тексеруге шешім қабылданды.

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Біріншісінде – әр қатысушының өздерін



таныстыруы арқылы олардың айтылым дағдылары тексерілсе, екіншісінде – қатысушылардың грамматикалық бөлікті меңгеру деңгейлері сынға түсті. Үшінші кезеңде қатысушылардың тыңдалым дағдылары, ал төртіншісінде – қатысушылардың жазылым дағдылары тексеріледі.

Әр кезең бес балдық жүйе бойынша бағаланды. Бағалау кезінде негізгі назар аударылды. Тыңдаушының сөйлеу дағдысы, өз ойларын дұрыс жеткізуі, тілді түсіну деңгейі ескерілді. Ал байқау барысында қатысушыларға «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының әдіскері Назира Мәлқызы, «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Айжарқын Мұратқызы және Абай атындағы жалпы білім беретін

мектептің ағылшын тілі мұғалімі Айгерім Өміртайқызы сайыстың төрелегін айтып, қазылық етті.

Барлық белестен сүрінбей өткен қатысушы жеңімпаз атанады. Нәтижесінде «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығының қосымша білім беру педагогы Николай Герасимов I орынды жеңіп алса, Саран қаласы полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар бойынша учаскелік полиция инспекторы Жанна Хан II орынды иеленді, ал III орын Саран қалалық ауруханасының психологі Юлия Родионова бұйырды.

Іс-шара соңында барлық қатысушылар бағалы сыйлықтармен, диплом және алғысхаттармен марапатталды.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК - ОСНОВА ЕДИНСТВА НАРОДА

Д. Жупенова,
специалист по языкам ГУ «Отдел культуры, развития языков,
физической культуры и спорта города Сарани»

Язык - это одна из самых важных категорий культуры, поскольку именно посредством языка формируется и выражается миропонимание человека. Сущность любого этноса – это его язык и национальное самосознание.



Казахский язык – государственный язык Республики Казахстан.

Казахоязычная среда уже через 10-15 лет будет составлять 80 % населения. Поэтому, сейчас важно изучать казахский язык. Знание языков, в том числе государственного языка, гарантия

стабильного развития общества и процветания страны.

Почему русскоязычная часть населения нашей страны до сих пор не овладела казахским языком? По мнению многих, из-за недостаточности материалов и методик. Но главное –

Қазақ тілін
үйренетін сайттар:

Til-qural

Bala tili

SÓZDIKQOR

QAZLATYN

Termincom.kz



не учебники или методики, а желание. Для лиц неказахской национальности, живущих в суверенной стране, созданы полноценные условия для овладения государственным языком. В каждом регионе Казахстана функционируют центры бесплатного обучения языком. Базы центра обеспечены современными методическими пособиями. «Где хотенье - там и умение», - гласит русская пословица. В связи с этим хотим с вами поделиться ресурсами самостоятельного изучения казахского языка. Это сайты, онлайн курсы и сервисы: «Soyle» (лучшие методики,

материалы, учебники), «Просто о сложном» (29 видеоуроков), «Sozdik» (русско-казахский словарь), «Kazbook» (15 видеоуроков продолжительностью от 5 до 20 минут), «Tilqural.kz» (интерактивный курс).

Казахский язык становится популярным на планете Земля. Более 13 миллионов человек говорят на казахском языке в мире. Казахские песни звучат на самых престижных международных конкурсах и они становятся хитами. Зная казахский язык, мы можем гордиться тем, что мы являемся гражданами Республики Казахстан.

СПОРТ



ҰСТАЗДАР АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПАРТАКИАДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Маусым айының 1-і мен 7-сі аралығында Абай облысында техникалық және кәсіптік білім беру педагогтары арасындағы ІІ Республикалық спартакиада өтті. Спартакиадада 15 облыстан және республикалық маңызы бар 5 қаладан 740 қатысушы бақ сынады. 45 төреші жарысқа қатысушылардың нәтижелері мен жетістіктерін бағалады. Жарыс спорттың 5 түрінен өтті: волейбол (ерлер, әйелдер), баскетбол (ерлер, әйелдер), футбол (ерлер), сондай-ақ тоғызқұмалақ және үстел теннисі.

Бұрын соңды колледж педагогтері арасында мұндай спартакиада болмаған. Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылып қатысушылар тарапынан жақсы қолдау тапты. Биыл бұл шара Абай облысында жалғасын тауып, колледж педагогтері белсенділіктерін көрсетті. Бұл әр өңірдегі колледж педагогтері арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытып, өзара тәжірибе алмасуды көздесе керек-ті.

Басты мақсат – Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының педагогтері арасында салауатты өмір салтын насихаттау, педагогикалық қызметкерлерінің бос уақытын ұйымдастыру, дене, психикалық және рухани денсаулығын жақсарту, білім беру ұйымдарының мұғалімдері арасындағы достық пен ынтымақтастықты

нығайту.

Қатысушылар арасында Астана қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Түркістан облысы, Абай облысы, Жетісу облысы бар.

Қарағанды облысы командасының құрамында Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі мен Саран техникалық колледжінің мұғалімдері де болды. Олардың қатарында аталмыш колледждің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Қуаныш Рымбеков, Дәулетбай Мұрат,

Ардан Баймолдин, Жансерік Монголия, Арман Байхадамов, Жанабай Сапаров, Ирина Ходан, Елена Конкина, Ирина Горшанова, Светлана Якунина, Светлана Николаева, информатика пәнінің мұғалімі Иран Хайруллин, бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімі Әлішер Манаш, қоғамдық пәндер оқытушысы Алмагүл Сүлейменова, Саран техникалық колледжінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Талғат Гомаров сынды ұстаздар республикалық спартакиада облыс намысын қорғап қайтты.

Аталмыш спартакиада қыздар арасында баскетболдан өткен сайыста Қарағанды облысының командасы 1-ші орынды иеленсе, тоғызқұмалақ бойынша облыстың құрама командасы 2 орынды иеленді. Айта кетсек, Қарағанды облысының 7 адамнан тұрған баскетбол командасының құрамында Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің төрт бірдей дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Конкина Елена Александровна, Гаршанова Ирина Роландовна, Якунина Светлана Борисовна және Николаева Светлана Геннадьевналар өнер көрсеткен болатын. Тартысты өткен сайыста біздің қара шаңырақ атанып кеткен білім ордасының дене шынықтыру пәнінің ұстаздары намысты қолдан бермеді немесе сәйкесінше осы ұстаздарымыздың

аталмыш команда құрамында болуының нәтижесінде Қарағанды облысы баскетболдан 1 орынды қанжығаласа керек-ті деп топшылаймыз. Біріншіден бұл Саран шаһары үшін, екіншіден аталмыш оқу орны Абай атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі үшін де зор мақтаншым һәм жақсы көрсеткіш деп есептейміз. Ұстаздарымызды, атап айтқанда Елена Александровна Ирина Роландовна, Светлана Борисовна мен Светлана Геннадьевнаны жеңістерімен құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс, жұмыстарына сәттілік тілейміз.

Ал волейболдан облыстық құрама команда 9 орынға, үстел теннисінген 5 орынға жайғасса, футболдан облысымыздың түпкір-түпкірінен жиналған ұстаздар қауымы команда есебіне өкінішке орай еш ұпай әкеле алмады. Нәтижесінде жалпы командалық есепте Қарағанды облысының командасы 6 орынға жайғасты. Ал былтыр Түркістан шаһарында өткен спартакиадада облыстың құрама командасы жалпы командалық есепте жүлделі 2 орынды иеленген болатын. Десекте еліміздің 15 облысынан 740 адам қатысқан республикалық спартакиадада жалпы командалық есепте 6 орынды иеленудің өзі жаман көрсеткіш емес деп есептейміз.

18 МАУСЫМ – ӘКЕЛЕР КҮНІ



ҮЗДІКТЕР ІРІКТЕЛДІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Әкелер күні қарсаңында ұлттық спортты ұлықтаған ұл-қыздар Шахтинск шаһарында бас қосты. Оған себеп - үстіміздегі жылғы маусым айының 1-і мен 7-сі аралығында Шахтинск қаласында өткен 9 бен 13 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақтан облыстық жекелей чемпионаты.

Тартысты жарысқа Қарағанды облысының аудан мен қала мектептерінен келген 160 белді тоғызқұмалақшылары жиналып, өзара «кіл мықтыдан» кім мықтыны анықтады. Өз кезегінде бұл сайыс тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы жекелей Қазақстан Республикасының чемпионатына іріктеу кезеңі болып есептелді. Облыстық чемпионатта топ жарып, үздік атанғандар мен жүлделі орындардан көріне білген тоғызқұмалақшы ұл-қыздарымыз алдағы уақытта республикалық чемпионатта Қарағанды облысының

намысын қорғайтын болады дейді облыстық чемпионатты ұйымдастырушылар.

Аталмыш облыстық чемпионатта Саран қаласының спорт орталығының жаттықтырушысы Ю. Фаликтің жетекшілігімен тоғызқұмалақ бойынша тәлім алып жүрген оқушылары тартысты өткен сайыста намысты қолдан бермеуге тырысып, жүлделі орындарға ілікті.

Мәселен, 9 жас санатында сайысқан Сезім Ибрахим классикалық сайыста 2 орынды және рапид бойынша да 2 орынды иеленіп, жақсы нәтиже көрсете алды.

«Сайыс өте тартысты өтті. Барлық ойыншылар жақсы деңгейде дайындалып келген. Бұл ойын мені интеллектуалдық жағымнан өте қатты дамытты. Осы спорттың арқасында ой-өрісім тез дами бастады. Сондықтан да осы спорт түрін ұнатамын. Болашағымды тоғызқұмалақпен байланыстырамын», - дейді Сезім Ибрахим.

Ал 13 жас санатында сайысқан Дос Хасан рапидте 3 орынды иеленіп, жүлдегерлер қатарына ілікті.

«Қарсыластар өте мықты болды. Негізі жақсы дайындалып келген едік осы сайысқа. Намысты қолдан бермеуге тырыстым. Нәтижесінде 3 орынды иелендім. Бұл жаман көрсеткіш деп есептемеймін. Ең бастысы облыстық құрама команданың қатарына іліктім. Алдағы уақыттарда республикалық чемпионатта облысымыздың намысын қорғайтын боламын. Бұл мен үшін үлкен жетістік әрі зор мақтаншым», - деп ағынан жарылды Дос Хасан.

Иә, төрт мың жылдық тарихы бар тоғызқұмалақ ойынына соңғы уақытта аса маңыз берілуде. Себебі бұл ойын жоғары интеллектуалды спорт түріне жатады. Адамзат өркениеті мен әр ұлт мәдениетінің қалыптасып, жетілу барысындағы зияткерлік ойындардың орны айрықша. Ғасырлар бойы олар үздіктерді анықтайтын спорттық бәсеке, жарыс түрі ғана емес, өскелең ұрпақ тәрбиесінде, ұлттардың интеллектуалдық әлеуетін көтеруде маңызды феномен болып келеді.

Жүйелі, қисынды ойлау, білім мен ғылымға бейімділік негіздерін қалауда, ыждаһаттық пен табандылықты тәрбиелеуде тоғызқұмалақ секілді зияткерлік ойындар ұтымды әрі таптырмас тәрбие құралы. Тарихы сан мың жылдық тоғызқұмалақ ойыны – қазақ ұлтының әлемдік өркениетке қосқан жарқын үлесінің бірі. Ұлттық ойын тек Наурыз мерекесінде ғана ұлықталмай, жыл көлемінде насихатталып келеді.

Соның бір дәлелі ретінде Шахтинск шаһарында өткен осы балалар мен жасөспірімдер арасындағы облыстық чемпионат. Сол себепті де ұйымдастырушылар облыстық чемпионатты ұйымдастыруда ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты насихаттауды, сол арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруды, тоғызқұмалақшы жасөспірім ұл-қыздарымыздың спорттық шеберлігін арттыруды, алдағы республикалық чемпионаттарға қатысу үшін Қарағанды облысының құрама командасын жасақтауды, сонымен қатар, тоғызқұмалақ ойыны арқылы жастарды тәрбиелеуді, олардың ой-өрісін дамытып, ұлттық санасын шынықтыруды негізгі мақсаттары етіп алса керек-ті.

Ал облыстық чемпионатта Саран шаһарының намысын абыроймен қорғап, жүлдегер атанған біздің тоғызқұмалақшы балалар республика чемпионатында Қарағанды облысы командасының құрамында ойнайтын болады. Балаларға сәттілік тілей отыра, алдағы сайыстардан тек жеңіспен оралсын дегіміз келеді.

ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 3600 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 2650 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
 ГОДОВАЯ - 5818,88 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.

БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!



КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 13.06.2023 года открылось наследственное дело после умершей 17.04.2023 года Бопышевой Кульмахары Смановны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 12.06.2023 года открылось наследственное дело после умершей 16.02.2015 года Бобровой Евгении Ефимовны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 08.06.2023 года открылось наследственное дело после умершей 06.06.2023 года Хайровой Нафисы Минигалимовны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани.

Лицензия № 000286 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК

АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҒЫЗ

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ТЕГІН АНОНИМДІ ТӘУІК БОЙЫ
 БЕСПЛАТНО АНОНИМНО КРУГЛОСУТОЧНО

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ **11616** ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ*

УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ * УСЛУГИ

Garant & co
ПАМЯТНИКИ
 От простых до эксклюзивных работ
Филиал г. Сарань мкр. 1-А, дом 5
 (остановки: Автоград, Стела)
 8-778-190-31-08
 pamyatniki_garant_co_saran

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирина.

Предлагаю профессиональный ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

olymp_stroy_09

СТРОИТЕЛЬНЫЕ УСЛУГИ:

- ПЕРЕКРЫТИЕ КРОВЛИ
- ОТДЕЛКА ФАСАДА
- СВАРОЧНЫЕ РАБОТЫ
- ЗАБОРЫ, ВОРОТА, РЕШЕТКИ
- УСЛУГИ ЛИСТОВОЙ
- МЕТАЛЛОЧЕРЕТИЦА
- САЙДИНГ, УТЕПЛИТЕЛЬ
- ВОДОСТОЧНАЯ СИСТЕМА
- КОВАННЫЕ УЗОРЫ
- ПРОФИЛИСТ и многое другое
- ОТКАТНЫЕ ВОРОТА
- МЕХАНИЗМ ОТКАТНЫХ ВОРОТ
- ПЛИТНЯК - ПРИРОДНЫЙ КАМЕНЬ
- КИРПИЧ, ОНДУЛИН
- ПЛАСТИКОВЫЙ САЙДИНГ

Г. Сарань, мкр. Сакея Сейфуллин, д. 103/2 Тел: 87087552653 Эдуард
 Т. Павлодарка Линейная 25 Тел: 87009884710 Кирилл

МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ

ANTIKOR
 Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

*** ТРЕБУЕТСЯ * * ТРЕБУЕТСЯ ***

На предприятие требуются: менеджер по стандартизации и сертификации, контролер ОТК, сборщики РТИ, прессовальщики, вальцовщики, операторы плазменной резки, электрогазосварщики, электрики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Зароботная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. Обращаться: г.Сарань, ул. Чкалова 2/4 (возле сауны «Эдем»), по телефону 5-21-71, 87026552338.

В Саранский высший гуманитарно-технический колледж им. Абая Кунанбаева требуются следующие сотрудники: водитель категории В, С - 1 ставка, техникка - 3 ставки, лаборант - 1 ставка. Т.: 5-11-81.

В ТОО «Karat Plast» требуется уборщица (100 000 тг.), садовник (120 000 тг.). Обращаться по телефону: +7-701-574-05-86.

В ТОО «Sunpaper» требуются: укладчик-упаковщик, оператор, уборщица, грузчик, водитель погрузчика, экспедитор. Звонить по номеру: 8-775-282-90-18.

На Саранский щебеночный карьер требуются электромонтеры, газо-электросварщики, слесаря. Оплата своевременная, полный соц. пакет, официальное трудоустройство Т.: 8-775-976-74-49, 8-702-381-53-63.

ДОМА
 Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

3-КОМНАТНЫЕ
 3-к кв. старого типа, р/н Мечети. Т.: 8-701-641-11-14.

Продается 3-к кв., центр. Дом напротив акимата, кирпичный. Рядом вся инфраструктура: больница, садик, магазины. Квартира теплая, с ремонтом. Застекленный балкон. Продается частично с мебелью. Цена: 17 000 000 тг. Торг уместен. Т.: 8-775-258-87-41.

Трехкомнатная квартира на 28 квартале по ул.Абая. Удобное расположение, рядом детский сад, школа, супермаркет. Квартира не угловая. Этаж 5/5, с водой проблем нет, отопление хорошее. Балкон застекленный, с наружи обшит сайдингом. Частично с мебелью. Цена 15 000 000, торг уместен. Обращаться по номерам: 87016662010, 87054461296.

Продается стенка-горка б/у, в отличном состоянии, цена договорная. Т.: 8-775-945-23-23

*** КУПЛЮ * КУПЛЮ ***

Монеты, значки, открытки и банкноты СССР, не ходовые (старого образца) банкноты тенге. Т.: 8-701-715-60-49.

Фарфоровые статуэтки, игрушки и «сувенирные» машинки СССР. Т.: 8-776-134-52-30.

2-КОМНАТНЫЕ
 2-к кв. на проспекте. Очень теплая. Т.: 8-701-387-07-93.

2-к кв. по ул. Абая, 21. 1 этаж. Т.: 8-701-184-85-33.

2-к кв. по ул. Чкалова, 1 этаж, с мебелью. Т.: 8-701-251-74-64

2-к кв., 1«а», д. 8. 5 этаж, частично меблированная. Т.: 8-777-132-73-74.

Продается 2-к кв, 1а-2, частично с мебелью, 2 этаж, за 12 млн. 800 тыс, 8 млн. сразу, 4 млн. 800 тыс. в рассрочку на 2 года Т.: +7 702 064 70 56

РАЗНОЕ
 Продается земельный участок 20 соток, п. Актас. Т.: 8-701-184-85-33.

*** ДАРОМ ***
 Дарим щенят в хорошие руки. В роду кокер-спаниель. Обращаться по т.: 8-702-125-31-18 (Наталья).

*** МЕНЯЮ ***
 4-к особняк в начале Самозастройки. Центральная канализация, гараж, 7 соток на 2-к кв. с доплатой или 3-к кв. Т.: 8-775-320-87-19.

Особняк в центре города на 1 и 2-х комнатные квартиры. Т.: 8-702-403-04-43, 7-42-45.

Будьте в курсе ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!

В последние годы наш город активно благоустраивается. Радует, что представители местной исполнительной власти и депутаты обращают внимание на просьбы и предложения населения, стараясь создать максимальный комфорт. Вот и в нашем районе – по улице Абая очень нам хотелось чтобы к школе – гимназии №17 со стороны жилых домов был проложен тротуар. С этим вопросом ранее мы обращались к акиму Сарани Е. Темирханову, председателю городского маслихата О. Баймаганбетову. И вот – после проведенных работ у нас теперь есть новый тротуар. Поэтому хотелось бы выразить искреннюю благодарность акиму Сарани Е. Темирханову, председателю городского маслихата О. Баймаганбетову за внимание к нам, жителям. Уверены, что и другие важные вопросы будут решаться также оперативно. Крепкого вам здоровья и благополучия, плодотворной работы и успехов!

С уважением, жители улицы Абая

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ВНИМАНИЕ!



**2023 жылғы 12 мамырдағы
№38-де жарияланған
«Мерейлі отбасы» Ұлттық
байқауының ережесіне қосымша**

«Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының 10 жылдығына байланысты, қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартылды.



**Дополнение к положению
Национального конкурса
«Мерейлі отбасы», опубликованное
в № 38 от 12 мая 2023 года**

В связи с 10 - летием Национального конкурса «Мерейлі отбасы», продлен срок приема заявок на участие до 1 июля 2023 года.

ПОЗДРАВЛЯЕМ!



**Ветеранов здравоохранения
и всех медицинских работников
Сарани и Актаса поздравляем
с Днем медицинского работника!**

Низкий вам поклон за содеянное вами добро, которое так важно и необходимо каждому из нас. Желаем вам здоровья, крепких нервов, много сил, личного счастья.

Удачи, веры и любви!

**Актив первичной организации
ветеранов здравоохранения
при Совете ветеранов города**

От всей души, искренне поздравляем наших майских юбиляров и именинников - ветеранов образования. Здоровья, долгих лет жизни, неиссякаемой энергии, мира и благополучия в ваших семьях.

Юбиляры: Мазель Лилия Викторовна - 80 лет, Бартаева Оралхан Жетеновна - 70 лет.

Именинники: Жунаева Зинаида Андреевна, Зырянова Галина Николаевна, Галасова Лидия Павловна, Волгина Зоя Яковлевна, Лян Тамара Моисеевна, Литвинова Светлана Николаевна.

А. Бақтыбаев
руководитель ГУ «Отдел Образования» г. Сарани,
Н. Скачкова,
председатель первичной профсоюзной организации ветеранов,
Г. Абжатова,
Менеджер ОО "Локальный профессиональный союз
работников образования "Білім" г. Сарани

ПОДПИСКА

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
ГОДОВАЯ - 3600 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
ГОДОВАЯ - 2650 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
ГОДОВАЯ - 5818,88 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED экране

АБИТУРИЕНТУ 2023

**Саранский высший
гуманитарно-технический колледж
имени Абая Кунанбаева**

приглашает
выпускников 9-х и 11-х классов
на **БЕСПЛАТНОЕ** обучение
с выплатой стипендии




г. Сарань, Ленина 14

Телефоны для справок: 5-11-81, 5-12-55

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Большое спасибо за ваши письма и комментарии, которые поступают в нашу редакционную почту. Радует, что вы реагируете на все изменения, которые происходят в различных сферах жизнедеятельности нашего города. Надеемся на вашу активность и понимание, а мы в свою очередь постараемся оперативно реагировать на все вопросы, которые будут заданы не только в ваших письмах, но и в наших профилях в социальных сетях. Напоминаем, что свои предложения и актуальные вопросы, касающиеся благоустройства и санитарной очистки нашего города, социальной и культурной сферы, образования и здравоохранения и т.д., вы можете направлять по адресу: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 или на электронную почту: sarangazeti@mail.ru. Кроме того, приглашаем вас присоединиться к нам в социальных сетях. Читайте нас в аккаунтах Instagram и Facebook. Наш профиль: @sarangazeti, @sarangazetikaz. Будьте в курсе всех новостей!

АКТУАЛЬНО



ТУЛЯРЕМИЯ! ОСНОВНЫЕ МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ

РГУ «Саранское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля»

Туляремия - это природноочаговое, острое инфекционное заболевание, характеризующееся явлениями лихорадки, поражением лимфатических узлов и других органов, в зависимости от входных ворот инфекции (глаза, легкие, кожа, желудочно-кишечный тракт и др.).

Заражение человека возможно следующими путями:

- контактный - через поврежденные и неповрежденные кожные и слизистые покровы при соприкосновении с больными или павшими грызунами и зайцами;
 - алиментарный - при употреблении продуктов питания, сельскохозяйственных продуктов и воды (колодезной, горных ручьев и других открытых водоемов), контаминированных возбудителем туляремии от больных грызунов;
 - воздушно-пылевой (аспирационный) - при вдыхании воздушно-пылевого аэрозоля, образующегося при переработке зерна, перекладке сена, соломы, контаминированных возбудителем туляремии от больных грызунов;
 - трансмиссивный - осуществляется в результате укусов инфицированными кровососущими членистоногими (комарами, слепнями, клещами).
- Как уберечь себя от заболевания туляремией?
- Для защиты от кровососущих насекомых и клещей необходимо использовать индивидуальные средства защиты

(накомарники, реппеленты и т.д.);

- При появлении в помещении грызунов следует предпринимать меры, направленные на их уничтожение с помощью ловушек или химических препаратов;
- Строго следить за чистотой во дворах и на садовых участках, не допускать захламленности, мусор и пищевые отходы хранить в строго определенных местах, в мусоросборниках с плотно прилегающими крышками;
- Продукты следует хранить в местах недоступных для грызунов, воду в закрытых емкостях;
- Не употреблять продукты питания со следами деятельности грызунов, а также не собирать грибы, поврежденные грызунами (погрызы, наличие помета). Для питья, мытья овощей и фруктов, приготовления пищи следует использовать только кипяченую воду;
- Для того, чтобы избежать заражения воздушно-пылевым путем, работы, сопровождающиеся пылеобразованием, необходимо проводить с применением средств личной защиты (ватно-марлевая повязка или респиратор, перчатки).

**Саран
газеті**

И.о. директора
ТОО «Саран
тынысы»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Отв. секретарь
Ш.Ш. КОШЕГУЛОВ

Газета зарегистрирована
в Министерстве
информации и
коммуникаций
Республики Казахстан.
Свидетельство 16307-Г
от 18.01.2017 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:
ТОО «Саран
тынысы»

Учредитель:
аппарат акима
г. Сарани

Адрес
редакции:
101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
два раза в
неделю,
форматом А-3
Тираж 1210

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арк»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 48

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.